

## **Санитария және эпидемиология**

### **2019 жылдың 6 ай қортындысы бойынша Қызылорда облысында жұқпалы және паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2019 жылдың 6 ай қортындысымен** Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында іш сүзегі, ботулизм, күйдіргі, пастереллез, лептоспироз, листериоз, құл, көкжөтел, менингококк жұқпасы, сіріспе, сал, қызамық, вирусты кене энцефалиті, безгек, құтыру, жіті вирусты гепатит Д, Е, трихинеллез аурулары тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 18 нозологиясы бойынша облыс көлемінде жұқпалы аурулардың аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, анықталған жұқпалы жедел ішек аурулар 2 жағдайға, тағамнан улану фактілері-10 жағдайға, жалпы вирусты гепатиттер 2,5 есеге төмендесе, оның ішінде жедел вирусты гепатит А ауруы 3,6 есеге, жедел вирусты гепатит В ауруы 5 жағдайға төмендеп отыр. Алғаш рет анықталған созылмалы вирусты гепатиттердің саны - 4,0 есе, желшешек шамамен 2,7 есеге дейін, энтеробиоз ауруы -2,2 есеге төмендеген, мерез ауруы 14,7 пайызға аз тіркелген, дермотамикоз ауруы 49,6 пайызға, ЖРВИ 6,4 пайызға, қышыма - 8 жағдайға, 42,6 пайызға биттену, функционалды диарея - 27,7 пайызға, туберкулез - 8,8 пайызға, геминолепидоз және менингококкты жұқпасы - 1 жағдайға төмендеген.

2019 жылдың 6 айында облыс бойынша жұқпалы жіті ішек аурулар аурушандығы өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2 жағдайға төмендеген, барлығы 264 жағдай есепке алынып, аурушандық көрсеткіш - 33,9 құрады.

Ауру ошақтарында жүргізілген эпидемиологиялық зерттеулер және науқастарды сұрау нәтижесінде ортақ аймаққа және бір мезгілде бір - бірімен байланысты жағдайлар орын алған жоқ, аурушандық қаланың әр-түрлі аймақтарында тіркелген, ошақтық жағдайлар орын алған жоқ.

Есепті мерзімде қызылша ауруының эпидемиологиялық тұрақсызданып, 412 жағдай тіркелді. 100 мың халыққа шаққандағы аурушандық көрсеткіш 53,0 құрады. Ауруға шалдыққандардың басым көпшілігі 14 жасқа дейінгі балалардың үлесінде. Қызылша ауруы басым көпшілігі егілмегендер (73,3 пайызы) арасында тіркелген

Облыста аса қауіпті жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Аса қауіпті жұқпалы оба, тырысқақ, күйдіргі, бөртпе сүзегі, құтырма аурулары тіркелген жоқ.

---

### **2018 жылдың 9 ай қортындысы бойынша Қызылорда облысында жұқпалы және паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2018 жылдың 9 ай қорытындысымен** Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында іш сүзегі, ботулизм, күйдіргі, пастереллез, лептоспироз, листериоз, құл, көкжөтел, менингококк жұқпасы, сіріспе, сал, қызылша, қызамық, вирусты кене энцефалиті, безгек, құтыру, жіті вирусты гепатит Д, Е, трихинеллез аурулары тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 13 нозологиясы бойынша облыс көлемінде жұқпалы аурулардың аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, бактериялы дизентерия 4 жағ., анықталған жұқпалы жедел ішек аурулар 36,4 пайызға, анықталмаған жұқпалы жедел ішек аурулары 8 жағдайға, тағамнан улану фактілері 6 жағдайға, сарып ауруы 9 жағ., жедел вирусты гепатит В ауруы 1 жағдайға алғаш рет анықталған созылмалы вирусты гепатиттердің саны 6 жағ., эхинококкоз ауруы 8 жағ., аскаридоз 4 жағ., лямблиоз 3 есеге дейін төмендеген, мерез ауруы 6 жағ. аз тіркелген, дермотамикоз ауруы 9 жағ. және 2 есеге биттену көрсеткіші төмендеген.

2018 жылдың 9 айында облыс бойынша жұқпалы жіті ішек аурулар аурушандығы өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 35 % төмендеген, барлығы 637 жағдай есепке алынып, аурушандық көрсеткіш - 83,2 құрады.

Ауру ошақтарында жүргізілген эпидемиологиялық зерттеулер және науқастарды сұрау нәтижесінде ортақ аймаққа және бір мезгілде бір - бірімен байланысты жағдайлар орын алған жоқ, аурушандық қаланың әр-түрлі аймақтарында тіркелген, ошақтық жағдайлар орын алған жоқ.

Жұқпалы жіті ішек ауруларына шалдыққандардың жас ерекшелігі бойынша талдау нәтижесінде науқастанғандардың 80,2 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар құрап, оның ішінде 3 жасқа дейінгі балалар арасында аурушаңдық 62,5 пайызды құрап отыр.

Есепті мерзімде жедел вирусты гепатит А ауруының эпидемиологиясы күрделенуде. Облыс бойынша ЖВГА ауруына шалдыққан науқастардың саны 21 құрап, 100 мың халыққа шаққанда аурушаңдық көрсеткіш 2,7 құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 5 есеге дейін ұлғайғайды. Ауруға шалдыққандардың 62 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар. Ошақта жүргізілген індетке қарсы іс шаралар нәтижесінде аурудың 25 пайызда ауру көзі анықталды.

Облыста аса қауіпті жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Аса қауіпті жұқпалы оба, тырысқақ, күйдіргі, бөртпе сүзегі, құтырма аурулары тіркелген жоқ.

---

**2018 жылдың 1 тоқсанында Қызылорда облысында жұқпалы және паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2018 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен** Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында іш сүзегі, ботулизм, күйдіргі, пастереллез, лептоспироз, листериоз, құл, көкжөтел, менингококк жұқпасы, сіріспе, сал, қызылша, қызамық, вирусты кене энцефалиті, безгек, құтыру, жіті вирусты гепатит Д, Е, трихинеллез аурулары тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда облыс көлемінде жұқпалы аурулардың аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, бактериалды дизентерия 3,7 есеге, сарып ауруы 50 пайызға, жедел вирусты гепатит В-1 жағдайға, туберкулез 13,87 пайызға және 17 пайызға дермотамикоз ауруы мен 33,1 пайызға биттену көрсеткіші төмендеген.

2018 жылдың 1 тоқсанында облыс бойынша жұқпалы жіті ішек аурулар аурушандығы өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 7% төмендеген, барлығы 109 жағдай есепке алынып, аурушандық көрсеткіш – 14,2 құрады.

Ауру ошақтарында жүргізілген эпидемиологиялық зерттеулер және науқастарды сұрау нәтижесінде ортақ аймаққа және бір мезгілде бір – бірімен байланысты жағдайлар орын алған жоқ, аурушаңдық қаланың әр-түрлі аймақтарында тіркелген, ошақтық жағдайлар орын алған жоқ.

Жұқпалы жіті ішек ауруларына шалдыққандардың жас ерекшелігі бойынша талдау нәтижесінде науқастанғандардың 82,0 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар құрап, оның ішінде 3 жасқа дейінгі балалар арасында аурушаңдық 62,5 пайызды құрап отыр.

Есепті мерзімде жедел вирусты гепатит А ауруының эпидемиологиясы күрделенуде. Облыс бойынша ЖВГА ауруына шалдыққан науқастардың саны 16 құрап, 100 мың халыққа шаққанда аурушаңдық көрсеткіш 2,09 құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 5 есеге дейін ұлғайғайды. Ауруға шалдыққандардың 63 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар. Ошақта жүргізілген індетке қарсы іс шаралар нәтижесінде аурудың 25 пайызда ауру көзі анықталды. Облыста аса қауіпті жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Аса қауіпті жұқпалы оба, тырысқақ, күйдіргі, бөртпе сүзегі, құтырма аурулары тіркелген жоқ.

---

**2017 жылы Қызылорда облысында аса қауіпті, жұқпалы және паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2017 жыл қорытындысымен** Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында тырысқақ, іш сүзегі, қылау, иерсиниоз, ботулизм, оба, туляремия, күйдіргі, пастереллез, лептоспироз, листериоз, құл, көкжөтел, менингококк жұқпасы, сіріспе, сал, қызылша, қызамық, вирусты кене энцефалиті, безгек, құтыру, жіті вирусты гепатит Д, Е, трихинеллез аурулары тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда облыс көлемінде жұқпалы аурулардың аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, сальмонеллез жұқпасы – 4,7 есеге, ротавирусты энтериттер – 2,8 есеге, тұмау – 5,7 есеге, қышыма – 43,4%, нақтыланған басқа да бактериалық ішек аурулары – 13,3 %, жедел респираторлы вирусты инфекциялар – 44,8%, энтеробиоз – 17,7 %, бактериалды нақтыланбаған және вирусты ішек инфекциясы - 10 жағдайға, бактериалды дизентерия – 2 жағдайға, гимнолепидоз – 4,7 есеге , іріңді менингит – 4 жағдайға, жіті вирусты гепатит А - 4 жағдайға, битшендік-11,5%

азайған.

2017 жыл қорытындысы бойынша жұқпалы жіті ішек аурулар аурушандығы өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 8 % төмендеген, барлығы 1161 жағдай есепке алынып, аурушандық көрсеткіш - 152,7 құрады.

Ауру ошақтарында жүргізілген эпидемиологиялық зерттеулер және науқастарды сұрау нәтижесінде ортақ аймаққа және бір мезгілде бір - бірімен байланысты жағдайлар орын алған жоқ, аурушандық қаланың әр-түрлі аймақтарында тіркелген, ошақтық жағдайлар орын алған жоқ.

Жұқпалы жіті ішек ауруларына шалдыққандардың жас ерекшелігі бойынша талдау нәтижесінде науқастанғандардың 76,4 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар құрап, оның ішінде 3 жасқа дейінгі балалар арасында аурушандық 62,5 пайызды құрап отыр.

Облыста аса қауіпті жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Аса қауіпті жұқпалы оба, тырысқақ, күйдіргі, бөртпе сүзегі, құтырма аурулары тіркелген жоқ. Аурудың эпидемиологиялық маусымында Конго - Қырым геморрагиялық қызбасының зертханалық жолмен нақтыланған 2 жағдайы тіркелді. Ошақтарда уақытылы толық кешенді індетке қарсы шаралар жүргізіліп, ошақтар эпид. асқынуларсыз жабылды.

Сарып аурушандығы 100 мың тұрғынға шаққанда 12,3 құрады (89 жағдай), 2016 жылдың аурушандығынан 1,5 есеге жоғары.

Туберкулез аурушандығы өткен жылмен салыстырғанда 9,26 пайызға жоғарлап, 60,54 құрауда (в 2016г. - 66,7).

---

### **2017 жылдың 9 айында Қызылорда облысында аса қауіпті, жұқпалы және паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2017 жылдың 9 ай қорытындысымен** Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында тырысқақ, іш сүзегі, қылау, иерсиниоз, ботулизм, оба, туляремия, күйдіргі, пастереллез, лептоспироз, листериоз, құл, көкжөтел, менингококк жұқпасы, сіріспе, сал, қызылша, қызамық, вирусты кене энцефалиті, безгек, құтыру, жіті вирусты гепатит Д, Е, трихинеллез аурулары тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда облыс көлемінде жұқпалы аурулардың 15 түрі бойынша аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, сальмонеллез жұқпасы - 5,0 есеге, ротавирусты энтериттер - 3,8 есеге, тұмау - 2,2 есеге, қышыма - 2,2 есеге, нақтыланған басқа да бактериалық ішек аурулары - 9,82 %, жедел респираторлы вирусты инфекциялар - 31,3%, туберкулез - 8,1 %, энтеробиоз - 7,7 %, бактериалды нақтыланбаған және вирусты ішек инфекциясы- 9 жағдайға, бактериалды дизентерия - 8 жағдайға, гомеолопидоз-6 жағдайға, босанғаннан кейінгі асқынулар - 3 жағдайға, іріңді менингит - 3 жағдайға, жіті вирусты гепатит А - 3 жағдайға, геморрагиялық қызба - 2 жағдайға, ботулизм -1 жағдайға, битшеңдік -1 жағдайға азайған.

2017 жылдың 9 ай қорытындысы бойынша жұқпалы жіті ішек аурулар аурушандығы өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 11 % төмендеген, барлығы 982 жағдай есепке алынып, аурушандық көрсеткіш - 129,2 құрады.

Ауру ошақтарында жүргізілген эпидемиологиялық зерттеулер және науқастарды сұрау нәтижесінде ортақ аймаққа және бір мезгілде бір - бірімен байланысты жағдайлар орын алған жоқ, аурушандық қаланың әр-түрлі аймақтарында тіркелген, ошақтық жағдайлар орын алған жоқ.

Жұқпалы жіті ішек ауруларына шалдыққандардың жас ерекшелігі бойынша талдау нәтижесінде науқастанғандардың 76,0 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар құрап, оның ішінде 3 жасқа дейінгі балалар арасында аурушандық 60 пайызды құрап отыр.

Облыста **аса қауіпті жұқпалы аурулар** бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Ағымды жылдың 9 айында аса қауіпті жұқпалы оба, тырысқақ, күйдіргі, бөртпе сүзегі, құтырма аурулары тіркелген жоқ. Аурудың эпидемиологиялық маусымында Конго - Қырым геморрагиялық қызбасының зертханалық жолмен нақтыланған 2 жағдайы тіркеліп, өткен

жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2 жағдайға төмендеген. Ошақтарда уақытылы толық кешенді індетке қарсы шаралар жүргізіліп, ошақтар эпид. асқынуларсыз жабылды.

Сарып аурушандығы 100 мың тұрғынға шаққанда 8,4 құрады (65 жағдай), бұл 2016 жылдың аурушандығынан 1,5 есеге жоғары.

Туберкулез аурушандығы өткен жылмен салыстырғанда 7 % төмендеп, 46,9 құрауда (в 2016г. - 50,7).

---

**2017 жылдың 6 айында Қызылорда облысында аса қауіпті, жұқпалы және паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2017 жылы 1 жартыжылдығында** Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында туляремия, күйдіргі, сал, тырысқақ, іш сүзегі, қылау, оба, қызамық, көкжөтел, сіріспе, жіті вирусты гепатит Д, Е, малярия, лептоспироз, листериоз, вирусты кене энцефалиті, иерсиниоз, безгек, құл, құтыру, қызылша, гименолепидоз, трихинеллез, ВЛ, ЗКЛ, эпидемиялық паротит аурулары тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда облыс көлемінде жұқпалы аурулар бойынша аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, алғаш анықталған созылмалы вирусты гепатиттер - 2,5 есеге, с.і. созылмалы вирусты гепатит В- түрі -10 жағдайға, созылмалы вирусты гепатит С-түрі -5 жағдайға, бактериалдық дизентерия - 49,8%, мерез - 46,4%, сарып ауруы -38,7,8%, риккетсиоздар - 20,1 %, өкпе туберкулезі - 7,7%, эхинококкоз - 9, ботулизм ауруы -7 жағдайға жіті вирусты гепатиттер - 5 жағдайға, с.і. жіті вирусты гепатит В - түрі -7, жіті вирусты гепатит С-түрі - 2 жағдайға, менингококкты жұқпасы - 3 жағдайға азайған.

Сонымен қатар, 2016 жылы облыс тұрғындары арасында тұмау ауруы -3,0 есеге, сальмонеллез жұқпасы - 2,3 есеге, анықталмаған вирусты және бактериалды ішек аурулары - 8,6 есеге, анықталған ішек аурулары - 0,1 %, тамақтан улану жағдайлары - 14,2%, жедел респираторлы вирусты инфекциялар - 3,2%, трихинеллез ауруы -20, жіті ішек инфекция тобы -10, КҚҚБ мен қышыма - 5, ротавирусты энтериттер мен жіті вирусты гепатит А - 4, ірінді менингит аурулары мен бактериалдық дизентерия тасымалдаушылар -1 жағдайға өскен.

---

**2017 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен****Қызылорда облысында аса қауіпті, жұқпалы және паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2017 жылдың 1 тоқсан қорытындысы** бойынша Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында туляремия, күйдіргі, сал, тырысқақ, іш сүзегі, қылау, оба, қызамық, қызылша, көкжөтел, сіріспе, ірінді менингит, жіті вирусты гепатит Д, Е, малярия, лептоспироз, листериоз, вирусты кене энцефалиті, трихинеллез, иерсиниоз, безгек, ҚКГБ, құтырма, құл аурулары тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда облыс көлемінде жұқпалы аурулардың 10 түрі бойынша аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, ротавирусты энтериттер -3,3 есеге, жіті вирусты гепатиттер С - 1 жағдайға, эхинококкоз - 2 жағдайға, туберкулез 1 жағдайға, сальмонеллез ауруы -12,2 есеге, анықталған ЖЖІА-44,6 пайызға, функционалдық диарея 8 жағдайға, жедел респираторлы вирусты инфекциясы - 33 пайызға, тұмау ауруы 2 есеге және қышыма ауруы 7 жағдайға төмендеген.

Сонымен қатар, ағымды жылдың 1 тоқсан қорытындысы бойынша облыс тұрғындары арасында тамақтан улану - 28,8 пайызға, сарып ауруы -3 жағдайға, жалпы жедел вирусты гепатиттер 3 жағдайға, оның ішінде В түрі 4 жағдайға, алғаш анықталған созылмалы вирусты гепатиттер - 9 жағдайға, мерез - 34 пайызға жоғарлаған.

Жұқпалы жедел ішек аурулар тобының ішіндегі бактериалды дизентерия, анықталмаған ЖЖІА, вирусты гепатит А, С түрі, эпидпаротит, туберкулез және скарлатина ауруларының аурушандық көрсеткіші өткен жылдың деңгейінде сақталған.

---

**2016 жыл қорытындысымен Қызылорда облысында аса қауіпті, жұқпалы және**

---

**паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2016 жылы** Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында туляремия, күйдіргі, сал, тырысқақ, іш сүзегі, қылау, оба, қызамық, көкжөтел, сіріспе, жіті вирусты гепатит Д, Е, малярия, лептоспироз, листериоз, вирусты кене энцефалиті, иерсиниоз, безгек, құл аурулары мен АИТВ тудырған ауру тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда облыс көлемінде жұқпалы аурулардың 10 түрі бойынша аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, бактериалды дизентерия-49,8 пайызға, сарып ауруы 38,7 пайызға, менингококк инфекциясы 3 жағдайға, қызылша ауруы 122,8 есеге, жедел вирусты гепатит 5 жағдайға, оның ішінде ЖВГВ 7 жағдайға ЖВГС 2 жағдайға, риккетсиоздар - 20,1 %, эхинококкоз - 9 жағдайға, туберкулез 7,7 пайызға төмендеген.

Сонымен қатар, есепті мерзімде облыс тұрғындары арасында сальмонеллез 2,3 есеге ЖЖІА-10 жағдайға, тағамнан улану 14,2 пайызға, ротавирусты энтерит-4 жағдайға, ірінді менингит 1 жағдайға, ҚҚГҚ-5 жағдайға ЖВГА 4 жағдайға, трихинеллез 20 жағдайға, ЖРВИ-3 пайызға және тұмау ауруы 3 есеге көбейген.

---

**2015 жылы Қызылорда облысында аса қауіпті, жұқпалы және паразитарлық аурулар бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал**

**2015 жылы қорытындысы** бойынша Қызылорда облысында бірқатар жұқпалы аурулар аурушандығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда.

Облыс тұрғындары арасында туляремия, күйдіргі, сал, тырысқақ, іш сүзегі, қылау, оба, қызамық, көкжөтел, сіріспе, жіті вирусты гепатит Д, Е, малярия, лептоспироз, листериоз, вирусты кене энцефалиті, трихинеллез, иерсиниоз, безгек, құл аурулары мен АИТВ тудырған ауру тіркелмеген.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда облыс көлемінде жұқпалы аурулардың 10 түрі бойынша аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орын алды. Нақты атап кетсек, сальмонеллез жұқпасы - 2,2 есеге, анықталмаған вирусты және бактериалды ішек аурулары - 13,7 есеге, тұмау ауруы - 28,2%, ротавирусты энтериттер - 3 есеге, риккетсиоздар - 12,8 %, мерез - 21,0%, жедел респираторлы вирусты инфекциялар - 4%, өкпе туберкулезі - 5,1%, эхинококкоз - 3 азайған.

Сонымен қатар, 2015 облыс тұрғындары арасында қызылша аурушандығы - 6,1 есеге, тамақтан улану жағдайлары - 2,5 пайызға, бактериалды дизентерия - 2,0 есеге, биттену - 1,6 есеге, жіті ішек инфекция тобы - 0,6 %, қышыма - 6, жіті вирусты гепатиттер - 1,9 есеге, сарып ауруы -9, алғаш анықталған созылмалы вирусты гепатиттер-4 жағдайға, менингококкты жұқпасы - 3, ботулизм-6 жағдайға, ірінді менингит аурулары - 4 жағдайға өскен.

---

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) облыс аумағында тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау саласындағы, сондай-ақ тамақ өнімдерін өткізу сатысындағы олардың қауіпсіздігі саласындағы (бұдан әрі - реттелетін сала) салааралық үйлестіруді, бақылау-қадағалау, іске асыру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Департаменттің аумақтық бөлімшелері - тиісті ауданның, қаланың (қала ауданының) тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармалары бар.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Егер Департаментке уәкілеттік берілсе, азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан және Комитет атынан түседі.

5. Егер Департаментке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапы ретінде шығуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Чайковский көшесі, 10.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті іске асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен түскен табыс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Департаменттің міндеттері:

1) облыс аумағында тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) өз құзыретінің шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Департаменттің функциялары:

1) мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен реттелетін саладағы мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

2) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

3) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалардың, стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының реттелетін саладағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

5) тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

6) мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

7) инфекциялық аурудан еркін немесе инфекциялық аурудың таралу деңгейі төмен аумақты немесе оның бөлігін айқындау бойынша ұсыныстар беру;

8) құзыретіне сәйкес біліктілік санаттарын бере отырып, санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі мамандар үшін біліктілік емтихандарын өткізу;

9) үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік

аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап ету;

10) реттелетін саладағы, бюджетті жоспарлау және орындау, бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

11) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындау;

12) инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылауды жүргізу;

13) шектеу іс-шараларын, оның ішінде жекелеген объектілерде карантин белгілеу;

14) тексерулердің, бақылаудың өзге нысандарының және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру;

15) құзыретінің шегінде Комитет Департаментінің аумақтық басқармаларының қызметін жалпы ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау;

16) өз құзыретінің шегінде тиісті аумақта бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

17) тиісті деректер банкін қалыптастыра отырып, тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг, есепке алу және статистика жүргізу;

18) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін сараптама объектісінің қоршаған ортаға және тұрғындардың денсаулығына әсерін бағалауды зерделеу үшін қажетті материалдарды сұрату, сондай-ақ осы өнімнің құнына өтемақы төлемей, оны жүргізу үшін қажетті көлемнен аспайтын және жеткілікті көлемдерде өнімдердің сынамаларын алу және үлгілерін іріктеу;

19) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды, заңды тұлғаларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына шақыру;

20) балалар тамағы өнімдерін, тағамға тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануды тоқтата тұру немесе қолдануға тыйым салу;

21) өз құзыретінің шегінде реттелетін салада мемлекеттік қызметтер көрсету;

22) өз құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманың бұзылуына тексеру жүргізу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ведомствоға жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) тиісті аумақтағы мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарынан, обаға қарсы күрес және дезинфекция станцияларынан реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) реттелетін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру;

3) жеке және заңды тұлғалар тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе ұйғарымдарды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

4) реттелетін саладағы аумақтық бөлімшелер мен ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға өз құзыретінің шегінде консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

5) реттелетін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;

6) өз құзыретінің шегінде консультативтік-кеңесші және сараптау комиссияларын құру;

7) қаржылық есептілікті құрастыру және бухгалтерлік есепті жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

9) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен басқа ұйымдардан мамандарды тексеру және сараптама жүргізуге тарту;

11) электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес оларға жеке және

занды тұлғалардың қолжетімділігін ұйымдастыру;

- 12) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;  
13) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

### **3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментті басқаруды Департаменке жүктелген міндеттерді орындауға және өзінің функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапты болатын Департаменттің Басшысы жүзеге асырады.

17. Департаменттің Басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лауазымына тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Департамент Басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лауазымына тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент Басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департаменттің қызметкерлерін, сондай-ақ Комитет төрағасының келісімі бойынша Департаменттің аудандық (қалалық) тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармаларының басшыларын және олардың орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Департамент қызметкерлерін, сондай-ақ Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының басшыларын, басшыларын орынбасарларын және қызметкерлерін көтермелеу, іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзі тағайындайтын Департаменттің қызметкерлеріне, сондай-ақ Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының басшыларына, басшыларының орынбасарларына тәртіптік жаза қолданады;

4) Департамент қызметкерлерінің, Департаменттің аудандық басқармалары басшыларының және басшылар орынбасарларының міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін айқындайды, сондай-ақ олардың лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұйрықтарға қол қояды;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін білдіреді;

7) Департаменттің аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің Басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

### **4. Департаменттің мүлкі**

20. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

21. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік (ақшалай табысты қосқанда) есебінен қалыптасады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Департаментке өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен айыруына немесе өзге тәсілмен билік жүргізуіне жол берілмейді.

### **5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау Комитетінің Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті мен қала, аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшыларының «Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін» қабылдау кестесі**

№	Аты-жөні, тегі, лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мекен жайы телефон
1.	Нұртаев Рзахұл Сәденұлы -	Жұмыс күндері	16.00-18.00	Қызылорда

**Санитария және эпидемиология**Published on Официальный интернет-ресурс Акимата Кызылординской области (<https://e-kyzylorda.gov.kz>)

	департамент басшысы	күнделікті		Қызылорда қ., к-сі, 8 (7242) 2 23-7
2.	Аханаева Ұлбосын Өмірбайқызы – департамент басшысының орынбасары	Жұмыс күндері күнделікті	15.00-17.00	Қызылорда Қызылорда қ., к-сі, 8 (7242) 2 23-7
3.	Сүлейменов Ерқасым Жайбергенұлы – департамент басшысының орынбасары	Жұмыс күндері күнделікті	15.00-17.00	Қызылорда Қызылорда қ., к-сі, 8 (7242) 2 23-7
4.	Өмірәлі Перизат Әмірәліқызы – Қызылорда қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысы	Жұмыс күндері күнделікті	16.00-18.00	Қызылорда Қызылорда қаласы Желтоқсан 8 (7242) 1
5.	Бисенов Амангелді Нұртөреұлы – Қызылорда қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысының орынбасары	Жұмыс күндері күнделікті	16.00-18.00	Қызылорда Қызылорда қаласы Желтоқсан 8 (7242) 1
6.	Сатекеева Ақзия Қасымқызы – Арал аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысы	Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері	15.00-18.00	Арал а Арал Бақтыбай ба 8 (724-33
7.	Балшамбаева Ақгүл Түгелқызы – Арал аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері	15.00-18.00	Арал а Арал Бақтыбай ба 8 (724-33
8.	Имандосова Гүлсім Жұманқызы –	Жұмыс күндері	10.00-12.00	Қазалы

## Санитария және эпидемиология

Published on Официальный интернет-ресурс Акимата Кызылординской области (<https://e-kyzylorda.gov.kz>)

	Қазалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысы	күнделікті		Айтеке 6 Жалаңтөс Ба 8 (724-38
9.	Сарықұлов Ғабидулла Ләтиұлы - Қазалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысының орынбасары	Жұмыс күндері күнделікті	15.00-17.00	Қазалы Айтеке 6 Жалаңтөс Ба 8 (724-38
10.	Иса Әбсаттар Үкібайұлы - Қармақшы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері	16.00-18.00	Қармақшы Жосалы Қоркыт ат 8 (724-37
11.	Төлепбергенова Гүлнар Мәлікқызы - Қармақшы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері	16.00-18.00	Қармақшы Жосалы Қоркыт ат 8 (724-37
12.	Аханов Оразғали Мадельханұлы - Жалағаш аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысы	Жұмыс күндері күнделікті	15.00-17.00	Жалағаш Жалаға Т.Жүрген 8 (724-31
13.	Жанабергенова Динара Олжабаевна - Сырдария аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысы	Жұмыс күндері күнделікті	16.00-18.00	Сырдария Теренөз Ғ.Мұратбаев 8 (724-36
14.	Жұбатқанов Мэлс Аманшаұлы - Шиелі аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні	16.00-18.00	Шиелі а Шиелі Жүрген 8 (724-32
15.	Отарбеков Асқан Бердіұлы - Жаңақорған аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысы	Әр аптаның сейсенбі, сәрсенбі күндері	11.00-12.00	Жаңақорға Жаңақорға

**Санитария және эпидемиология**Published on Официальный интернет-ресурс Акимата Кызылординской области (<https://e-kyzylorda.gov.kz>)

				Қорасан-Ата 8 (724-35) 21-
16.	Тұрғанбаев Абай Бекмырзаұлы - Жаңақорған аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның бейсенбі күні	11.00-12.00	Жаңақорған Жаңақорған Қорасан-Ата 8 (724-35)

**Қазақстан Республикасы ҰЭМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау Комитетінің  
Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті мен қала,  
аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармаларының**

**«Сенім телефоны»**

<b>№</b>	<b>Мекеменің аты</b>	<b>Сенім телефоны</b>
1.	Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті	8 (7242)
2.	Қызылорда қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	8 (7242) 23-08
3.	Арал аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	8 (724-33) 2-1
4.	Қазалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	8 (724-38)
5.	Қармақшы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	8 (724-37)
6.	Жалағаш аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	8 (724-31)
7.	Сырдария аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	8 (724-36)
8.	Шиелі аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	8 (724-32) 4-3
9.	Жаңақорған аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	8 (724-35) 21-0-61

**2015 жылдың 1 жарты жылдығында Қазақстан Республикасы ҰЭМ Тұтынушылардың  
құқықтарын қорғау Комитетінің Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау департаменті мен қала, аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
басқармаларының «Ашық есік күндерін» өткізу кестесі**

<b>№</b>	<b>Мекеменің аты</b>	<b>Өткізу күні мен уақыты</b>	<b>Өткізу орыны</b>
1.	Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау	29.01.2015ж	Қызылорда облысы

**Санитария және эпидемиология**

Published on Официальный интернет-ресурс Акимата Кызылординской области (<https://e-kyzylorda.gov.kz>)

	агенттігінің Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті	26.02.2015ж	Қызылорда қ., П.Ча 10
		26.03.2015ж	
		30.04.2015ж	
		28.05.2015ж	
		25.06.2015ж	
<b>2.</b>	Қызылорда қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	14.01.2015ж	Қызылорда о Қызылорд Желтоқсан к
		11.02.2015ж	
		11.03.2015ж	
		8.04.2015ж	
		10.05.2015ж	
		10.06.2015ж	
<b>3.</b>	Арал аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	30.01.2015ж	Арал ауд Арал қ Бақтыбай баты
		27.02.2015ж	
		31.03.2015ж	
		30.04.2015ж	
		29.05.2015ж	
		30.06.2015ж	
<b>4.</b>	Қазалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	30.01.2015ж	Қазалы ауд Айтеке би Жалаңтөс Бахад
		27.02.2015ж	
		27.03.2015ж	
		24.04.2015ж	
		29.05.2015ж	
		26.06.2015ж	
<b>5.</b>	Қармақшы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	30.01.2015ж	Қармақшы а Жосалы к Қоркыт ата
		27.02.2015ж	
		27.03.2015ж	
		24.04.2015ж	
		29.05.2015ж	
		26.06.2015ж	
<b>6.</b>	Жалағаш аудандық тұтынушылардың	30.01.2015ж	Жалағаш а

**Санитария және эпидемиология**Published on Официальный интернет-ресурс Акимата Кызылординской области (<https://e-kyzylorda.gov.kz>)

	құқықтарын қорғау басқармасы	27.02.2015ж	Жалағаш к Т.Жүргенов
		27.03.2015ж	
		24.04.2015ж	
		29.05.2015ж	
		26.06.2015ж	
<b>7.</b>	Сырдария аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	29.01.2015ж	Сырдария а Теренөзек Абай Құнанбае
		26.02.2015ж	
		26.03.2015ж	
		30.04.2015ж	
		28.05.2015ж	
		25.06.2015ж	
<b>8.</b>	Шиелі аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	28.01.2015ж	Шиелі ауд Шиелі ке Жүргенов к
		27.02.2015ж	
		20.03.2015ж	
		17.04.2015ж	
		22.05.2015ж	
		26.05.2015ж	
<b>9.</b>	Жаңақорған аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы	29.01.2015ж	Жаңақорған Жаңақорған Қорасан-Ата көл
		26.02.2015ж	
		26.03.2015ж	
		30.04.2015ж	
		28.05.2015ж	
		25.06.2015ж	

Құрылған күні: 07-08-2012 07:03

Жаңартылған күні: 25-07-2019 18:00

Source URL: <https://e-kyzylorda.gov.kz/?q=kk/content/sanitariya-zhne-epidemiologiya>